А.Н. МҰРАТОВА

ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМЫТУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Өркениетті даму жолына түскен еліміз қоғамның барлық салаларында аса маңызды жаңғыртуларды жүзеге асыруда. Бұлардың ішіндегі ең күрделісі, әрі өте байыптылықты қажет ететін бағыты әлеуметтік саладағы жаңғыртулар болып табылады. Өйткені, әлеуметтік мәселелер адамдардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей қатысты болғандықтан үнемі күн тәртібінде тұрады; екіншіден, мемлекеттің әлеуметтік саясаты әрқашан халықтың назарында болып, оның талқысы мен сынына түсіп отырады. Сондай-ақ мемлекеттік билік ел тұрғындарының лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік саясатты жүзеге асыруы және барлық әлеуметтік топтардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. Осындай әлеуметтік мемлекет қалыптасқанда ғана өз азаматтарының жақсы тұрмыс жағдайын қамтамасыз етуге, халықтың әлсіз топтарына әлеуметтік қолдау көрсетуге, қоғам өмірінде әлеуметтік ақиқаттың орнауына бағытталған саясат жүргізе алады.

Әлемдегі елдердің бәрі дерлік өз аймақтарының даму мәселелеріне зейін қоя қарайды, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, орын алған теңсіздіктердің себептері мен формаларын, яғни, аймақтардың өзгешеліктерін сараптайды, осы өзгешеліктерге қарай аймақтық экономикалық саясатты жүргізеді. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуында елеулі айырмашылық орын алатын болса кез келген мемлекеттің бірқалыпты дами алмайтынын әлемдік тәжірибе көрсетіп берді. Сондықтан да қандай да бір елдің бәсекеге төтеп бере алатын қабілеті оның аймақтық деңгейде мемлекеттік тұрғыдан ықпал етудегі шаралар жүйесін, белгілі бір аумақтардың мүдделері мен өзіндік ерекшеліктерін экономикалық даму тұрғысынан нығайту деңгейіне байланысты [1].

Бүгінгі таңда аймақтардың экономикалық даму бағыттары олардың жедел өзгермелі халықаралық және ұлттық деңгейдегі нарықтық қатынастарға тезірек бейімделу қабілетіне байланысты болып отыр. Сондай-ақ аймақтардың келешектегі экономикалық жағдайын жақсарту үшін стратегиялық тұрғыдан жоспарланған экономикалық даму бағыттары пайдаланылып отыр. Жергілікті экономикалық даму аймақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін қалыптастыра отырып, олардың болашақтағы экономикалық дамуын жетілдіріп, халықтың тұрмыс деңгейі мен әл-ауқатын арттыруды көздеп отыр.

1-кесте. **Аймақтардың әлеуметтікті арттырудың негізгі бағыттары**



Экономикалық дамуды жетілдіріп, аймақтардың тұрғындарын еңбекпен қамтамасыз етуге бағытталған осындай күрделі үдерістерге мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, кәсіпкерлер мен қожалық иелері бірлесе отырып ат салысуы тиіс. Осындай аталмыш іс-шаралар аймақтарда әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жүзеге асыру мен қалыптастыруға негіз бола отырып, әрбір қала мен елді-мекендерде халықтың әл-ауқатын арттыруда қолайлы өзіндік жағдайлар жасауға тырысады. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, аймақтық жерлерде күшті экономиканы қалыптастыру үшін мемлекеттік ұйымдар жергілікті жердің әлді, әлсіз жақтарын және даму мүмкіндіктері мен қауіпті жақтарын ескере отырып, стратегиялық тұрғыда жоспарланған іс-әрекеттер жүргізуі тиіс. Мұндай үдерістер аймақтарға деген бизнес пен жұмысшы күштерінің қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда аймақтардағы қалалар мен аудандық жерлердің алдында бұдан да зор мақсаттар қойылып отыр, ол дегеніміз аймақтардың жергілікті экономикалық дамуын стратегиялық жоспарлы түрде жүргізу қажеттілігінің үлкен маңызы бар екендігін көрсетеді, яғни аймақ ресурстарының құндылығы ғана емес, сонымен қатар нарық экономикасының талаптарына сай ресурстарды бейімдейтін және қайта қалыптастыратын аймақтық басшылық пен бизнестің мүмкіншіліктері маңызды болып отыр [2].

1- кесте – **Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуші факторлар**



Аймақтық факторлардың кеңістіктегі экономикалық өсімі шаруашылық жүйенің экономикалық және әлеуметтік жағдайларын аймақаралық саралауды арттыру экономиканың, қоғамның жағымды дамуына әсер етеді. Аймақтардағы экономиканың дамуы экономикалық, әлеуметтік, технологиялық факторларға, бизнес-ортасы мен институционалдық дамуға негізделген.

Көп жағдайда аймақтық факторлар әлеуметтік-экономикалық дамуда объективті бола тұрып, елдің аумақтық дамуына сөзсіз әсер етеді. Жалпы алғанда аймақтық дамуды екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады:

- бір жағынан, дамудың табиғи ресурстарына байланысты қоршаған орта мен климаттық жағдайы, жер асты пайдалы қазбаларының болуы, су ресурстарының көлемі; аймақтардың көлік жолдарынан қашықтығы; рекреациялық ресурстардың болуы, туристік кешендерді ұйымдастыруға қолайлы табиғи ландшафтың болуы және т.б.;

- екінші жағынан, адамның шаруашылық әрекетінің нәтижесінде пайда болған экономикалық әлуеттің деңгейімен көрінетін, аумақтық экологиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен; халықтың әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етілуі, сапалы ауыз су, денсаулық, білім алудың қолжетімділігімен; аймақтардың, елді-мекендердің, шалғай жатқан өңірлермен, жақын және алыс шет елдермен интеграциялық байланыста болуын қамтамасыз ететіндей, инфрақұрылым салаларының даму деңгейімен; ауаның, су мен жердің ластану деңгейімен және т.б. тығыз байланысты.

Экономикалық өсудің сапалы факторлары қазіргі уақытта адам капиталының дамуын қарастырады. Осы мақсаттар аймақтық жүйеде тұтынушылар нарығы мен кешенінің жұмыс істеуіне ерекше көңіл аударуды қажет етеді, барлық уақытта шағын бизнес ресурстарына тұтынушы нарығы мен кешендері қаншалықты әсер етеді және иек артады, сондай-ақ кәсіпкерлік қызығушылық пен ұтқырлықты иемденетін капитал айналымының артуы қаншалықты екендігін айқындайды.

Бұл бағыттар аймақтарды жаңғыртып жетілдіру барысында және аймақтық ресурстарды тиімді де кешенді пайдаланғанда ғана жүзеге аса алады. Сонымен қатар, аумақ ресурстарын тиімді пайдалану көп жағдайда еңбек өнімділігін арттыру қажеттілігімен және еңбекке ынталылығын күшейтумен, қорларды тиімді пайдаланумен, аймақтардың инновациялық әлуетін дамытумен және айналымға аумақтардың қолданыстағы инвестициялық ресурстарын енгізумен байланысты [3].

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін адамдар ресурсын дамыту төмендегі мақсаттарды жүзеге асыру арқылы жүргізіледі:

- аймақ тұрғындарын еңбекпен қамтамасыз ету бағдарламасы аясында еңбек нарығына өзара бірлесе отырып жұмыс жүргізу және олардың жауапкершілігін арттыру;
- халықты еңбекпен қамтамасыз ету және жұмыссыздықты жою мақсатында ауылдық жерлерде шағын және орта бизнес кәсіпкерлігін дамыту, мамандардың шеберлігін арттырып, заман талабына сай қайта оқыту;
- аймақтарда кәсіптік шеберлікті дамытуға айрықша көңіл бөлу, мамандарды қосымша оқытып, кәсіптік ұйымдарда бірлесе жұмыс істеуге баулу, қаржылай және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді жақсарту;
- халықты еңбекпен қамтамасыз ету саласы бойынша әлеуметтік еңбек қатынастарына деген жауапкершілігін нығайтып, аймақтардағы тұрғындардың әлеуметтік және кәсіпкерлік ұйымшылдығын арттыру;
- аймақтардың орналасу жағдайына байланысты ұлттық және аймақтық деңгейде қолайсыз аумақтардың мәселелерін шешіп, жұмысшы күшін тартуға жағдай жасау, олардың еңбек ету жағдайы мен еңбекте әлеуметтік қорғалуын жақсартып, өндірістік жарақаттанудың алдын алу;
- адам әлуетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және еңбек нарқының талаптарына сай болу.

Осы аталған мақсаттар экономикалық қарым-қатынаста халықты әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесін дамытудың әлеуметтік элементтерін айқындап, еңбек тұрмысының сапалы өсімі жағдайын қалыптастыруға мүмкіндік береді, яғни аймақтарды жаңғыртуда әлеуметтік саясаттың экономикалық үлгісінің даму парадигмасын және осы парадигмаға сәйкес институционалды ортаның болуын анықтайды.

Өңірлік деңгейдегі басқару жүйелерінің қызмет ету сараптамалары халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің ұйымдық құрылымын өзгертудің негізгі бағыттарын анықтауға, өтпелі ұйымдық-функциональдық құрылымды зерттеуге, мақсатты бағыттарға бағытталған әлеуметтік қорғау жүйесін анықтауға мүмкіндік береді [4].

Осы стратегиялық бағыттар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, ресурстық әлуеті мен бәсекелік басымдықтарын және де ғылыми-техникалық жетістіктердің үйлесімді дамуын реттеп қана қоймай, сондай-ақ жаңа аймақтық қызметтердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Альгина М.В., Мурылева О.А. Управление рисками в социально-экономических системах регионального уровня. // Региональная экономика: теория и практика. – 2010. – № 35.
2. Сочнева Е. Государственное управление социальной сферой // Проблемы теории и практики управления. – 2008. – №10.
1. Микитюк В. Долговременная стратегия как основа управления социально-экономическим комплексом региона. // Проблемы теории и практики управления. – 2010. –№8.
2. Сергеев И., Кирсанова Н. Развитие социальной сферы: приоритеты регулирования // Экономист. – 2007. – №1.

Резюме

Дается анализ социально-экономических проблем регионов Казахстана и факторов, оказывающих влияние на их развитие.

Summary

The analysis of socio-economic problems of regions of Kazakhstan is given in the article, and factors of having influence on their development.